АРАЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ

ҚАУЛЫСЫ

Арал қаласы № 233-8 «29» 12 2017 жыл

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңдарына, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына, «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі бұйрығына және аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 129 шешімін басшылыққа ала отырып Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Арал аудандық құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қосу және олардың функцияларын беру арқылы «Арал аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастырылсын.
2. «Арал аудандық құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Арал аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.
3. «Арал аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. «Арал аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мен «Арал аудандық қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Р. Өтешовке жүктелсін.
6. Қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ **М. ОРАЗБАЕВ**